

Әлеуметтік көмек көрсетеу, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арап аудандық мәслихатының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 97 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 қыркүйекте № 5963 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арап аудандық мәслихатының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 13 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арап аудандық мәслихатының 12.02.2021 № 13 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Арап аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Әлеуметтік көмек көрсетеу, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары бекітілсін.

2. "Әлеуметтік көмек көрсетеу, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" Арап аудандық мәслихатының 2017 жылғы 29 наурыздағы № 77 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5796 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 26 сәуірде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Арап аудандық мәслихатының кезектен тыс
он жетінші сессиясының төрағасы

Т.Бисембаев

Арап аудандық мәслихат хатшысының
уақытша міндеттін атқарушы

Ж.Жалғасбеков

"КЕЛІСІЛДІ"
"Қызылорда облысының жұмыспен
камтуды үйлестіру және әлеуметтік
бағдарламалар баскармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
M.N. Ергешбаев
"28" тамыз 2017 жыл

Арап аудандық мәслихатының 2017 жылғы

Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер азаматтың (отбасының) өтінішін қарау бойынша аудан әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

2) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – “Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Қызылорда облысының Статистика департаменті” Республикалық мемлекеттік мекемесі есептейтін, мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – Арап ауданының әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде Арап ауданының аумағында жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган (бұдан әрі - ЖАО);

5) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

6) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

7) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

8) уәкілетті орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын “Арал аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9) уәкілетті ұйым – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалының Арал аудандық бөлімі;

10) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген азаматтардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін кент, ауылдық округ әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

11) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

Ескерту. 2-тармақта өзгерістер енгізілді - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 27.08.2018 № 180; 18.02.2019 № 224 шешімдерімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде ЖАО мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

4. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері

5. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының, әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері:

1) 9 мамыр – Женіс күніне орай:

Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет және 1941-1945 жылдарындағы Ұлы Отан соғысындағы Женістің 75 жылдығына орай қосымша біржолғы төлем 1000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде;

женілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына, атап айтқанда: Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдарға – 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет және 1941-1945 жылдарындағы Ұлы Отан соғысындағы Женістің 75 жылдығына орай қосымша біржолғы төлем 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде;

екінші рет некеге тұрмаған, қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (куйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысуышылардың әйелдеріне (куйеулеріне) 1941-1945 жылдарындағы Ұлы Отан соғысындағы Женістің 75 жылдығына орай біржолғы төлем 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

"Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңына сәйкес арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар азаматтарға, атап айтқанда:

1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық енбекі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға 1941-1945 жылдарындағы Ұлы Отан соғысындағы Женістің 75 жылдығына орай біржолғы төлем 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғаныс майданына қатысқан армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есепке алғандағы қалаларда болған адамдарға -1941-1945 жылдарындағы Ұлы Отан соғысындағы Женістің 75 жылдығына орай біржолғы төлем 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

2) 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай:

саяси қуғын-сүргін құрбандарына, мүгедек болып қалған немесе зейнеткөр болып табылатын саяси қуғын-сүргіннен зардал шеккен адамдарға – 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылдана бір рет;

3) 15 ақпан – Ауғанстан аумағынан совет әскерлерін шығару күніне орай:

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысуышыларына теңестірілген адамдар, оның ішінде басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысуышыларына, атап айтқанда: бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ишкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегендеге);

жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге;

ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне;

бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілеріне;

Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерге – 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет;

Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілген адамдар, оның ішінде: бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер, әскери міндеттін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндеттін орындаудына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар – 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет және материалдық көмек ретінде біржолғы 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) 26 сәуір – Чернобыль АЭС-індегі апатқа ұшырағандарды еске алу күніне орай:

1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апартар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға - 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет;

5) 29 тамыз – Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күніне орай: азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апартар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдарға - 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет.

Ескерту. 5-тармақта өзгерістер енгізілді - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 18.02.2019 № 224 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап

қолданысқа енгізіледі); 26.07.2019 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі); 08.04.2020 № 351 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі); 15.05.2020 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

6. Әлеуметтік қолдау ретінде әлеуметтік көмекті алушылардың санаттары:

Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстau орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына – 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет көрсетіледі.

7. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде алушылар санатының тізбесі мен әлеуметтік көмектің шекті шамалары:

1) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне келген зардабын жоюға – бір рет, әрбір отбасы мүшесіне 40 айлық есептік көрсеткішке дейін, бірақ бір отбасына 150 айлық есептік көрсеткіштен артық емес;

2) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулезден емделудің сүйемелдеу сатысындағы азаматтарға табыстарын есепке алмай, қосымша тамақтануға - ай сайын 10 айлық есептік көрсеткіштен артық емес;

3) гемобластоздар мен апластикалық анемияны қосқанда гематологиялық аурулармен ауыратын диспансерлік есепте тұрган балалардың ата-аналарына немесе өзге де занғы өкілдеріне - ай сайын 7,6 айлық есептік көрсеткіштен артық емес;

4) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы Қызылорда облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасылардың тұлғаларына тұрмыстық қажеттіліктерге әлеуметтік көмек, жылына бір рет - шекті шама 10 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде көрсетіледі;

5) азаматтарды өмірлік қыын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер негіз болуы мүмкін.

8. Балалар үйінің тұлектеріне (интернат үйінің тәрбиеленушілері), сондай-ақ жан басына шаққандағы орташа табысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің үш еселенген мөлшерінен аспайтын отбасынан шыққан:

бала кезінен мүгедектер, мүгедек балаларға;

ата- анасының екеуі де зейнеткер болып табылатын балаларға;
ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедек болып табылатын балаларға;
асыраушысынан айрылған балаларға;
көп балалы отбасылардан шыққан балаларға;
оралман отбасылардан шыққан балаларға;
жетім балаларға;
ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға.

Жан басына шаққандағы орташа табысы Қазақстан Республикасының тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Заңында белгіленген ең тәменгі күнкөріс денгейінің аспайтын аз қамтылған отбасылардан шыққан, өнірге қажет мамандықтар бойынша күндізгі оқыту нысаны бойынша білім алатын балаларға:

колледж және жалпы білім беретін мектептен кейін "Бакалавр" академиялық дәрежесін алу үшін – жылына бір рет, 392 айлық есептік көрсеткіштен артық емес;

жоғарғы оқу орнынан кейінгі кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған "Магистр" академиялық дәрежесін алу үшін -420 айлық есептік көрсеткіштен артық емес;

Қазақстан Республикасының медициналық білім және ғылым ұйымдарында резидентурада медицина кадрларын даярлау үшін -жылына бір рет, 530 айлық есептік көрсеткіштен артық емес мөлшерде әлеуметтік көмек тағайындалады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қызылорда облысы Арап аудандық мәслихатының 27.08.2018 № 180 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

9. Әлеуметтік көмек алуға үміткерлер уәкілетті органға қажетті құжаттарды тиісті жылдың 25 тамызына (қоса алғанда) дейін ұсынады.

10. Әлеуметтік көмекті тағайындағаннан кейін уәкілетті орган мен әлеуметтік көмек алушы арасында екі жақты келісім шарт жасалады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Арап аудандық мәслихатының 27.08.2018 № 180 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

11. Әлеуметтік көмек алушы ақшалай қаражаттар түскеннен кейін бес жұмыс күні ішінде оқуға төлемақы жүргізеді және уәкілетті органға төлеу туралы түбіртекті ұсынады.

12. Келесі оқу жылдарға әлеуметтік көмек жыл сайынтиісті оқу жылдарында төленеді.

13. Әлеуметтік көмек алушы себепсіз, жүйелі түрде оқуға қатыспағаны немесе үлгірімі төмен болуына байланысты жоғарғы оқу орнынан шығарылған жағдайда, оқуға төленген соммалары жергілікті бюджетке ерікті немесе

Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтарылады.

14. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнағы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

15. Атаулы құндер мен мереке құндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті үйымның не озге де үйымдардың ұсынымы бойынша ЖАО бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

16. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент, ауылдық округтың әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

1) жеке басын куәландыратын құжатты;

2) алынып тасталды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 08.04.2020 № 351 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3) Осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтерді;

4) азаматтың (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;

5) өмірлік қыын жағдайдың туындағанын растайтын актінің және/немесе құжатты ұсынады.

Бұл ретте, табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қыын жағдай туындаған кезде, азамат (отбасы) уәкілетті органға немесе кент, ауылдық округтың әкіміне, өмірлік қыын жағдай туындаған сәттен бастап үш ай мерзімінен кешіктірмей өтініш білдіреді.

17. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

18. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе кент, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын азаматтың (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияға жібереді.

19. Участекелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізді, оның нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 2, Зқосымшаларына сәйкес нысандар бойынша азаматтың (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, азаматтың (отбасының) әлеуметтік көмекке мүқтаждығы туралы қорытынды дайындауды және оларды уәкілетті органға немесе кент, ауылдық округ әкіміне жібереді. Кент, ауылдық

округ әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

20. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

21. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

22. Уәкілетті орган участекелік комиссиядан немесе кент, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтың (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

23. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

24. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 20 және 21-тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

25. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

4. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту, көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

26. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші азаматтың (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;

3) азаматтың (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін Арап аудандық мәслихаты белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

27. Әлеуметтік көмек:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

28. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5. Әлеуметтік көмекті төлеу және қаржыландыру

29. Әлеуметтік көмек екінші деңгейдегі банктердегі және банктік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы алушылардың жеке шоттарына ақшалай сомаларды аудару жолымен жүргізіледі.

30. Әлеуметтік көмек тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің туралы заңда бекітілген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгерісін ескере отырып төленеді.

31. Әлеуметтік көмек беруге шығыстарды қаржыландыру аудан бюджетінде көзделген ағымдағы қаржылық жылға арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

6. Қорытынды ереже

32. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды үәкілетті орган “Е-собес” автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорларын пайдалана отырып жүргізеді.

Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларына 1-косымша

**Өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты отбасының (азаматтың)
мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру
АКТИСІ**

20 ____ жылғы "___"

(елді мекен)

1. Өтініш иесінің Т.А.Ә.

2. Тұратын мекенжайы

3. Өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген туындаған өмірлік қызын жағдай

4. Отбасының құрамы (отбасында нақты тұратындар ескеріледі) _____ адам, оның ішінде:

P/ с №	Т.А.Ә	Тұған күні	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оқуорны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	Қоғамдықжұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қайтадаярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспенқамтуың белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер	Өмірлік қызын жағдай

Еңбекке жарамды барлығы _____ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері _____ адам.

Балалардың саны: _____

жоғары және орта оқу орындарында ақылды негізде оқитындар _____ адам, оқу
құны жылына теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, Ұлы Отан соғысы
мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысына қатысушыларына және Ұлы Отан соғыс
мүгедектеріне теңестірілгендердің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт
адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктер, туберкулез,
адамның иммунитет тапшылығы вирусы) бар адамдардың, мүгедектердің,
мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу керек) _____

Өмір сұру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй
, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзгеше –
көрсету керек):

Тұрғын үйді ұсташа арналған шығыстар:

Отбасының табысы:

Р/с №	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің) Т.А.Ә.	Табыс түрі	Өткен тоқсандағы табыс сомасы (тенге)		Жеке қосалқышаруашылық (ауладағы участке, малы және құсы), саяжай және жер участкесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
			тоқсанға	ортасынан сомасы	

6. Мыналардың:

автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құбық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

— қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс) —

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілуі

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Жасалған актімен таныстым:

Өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы

Тексеру жүргізілуден бас тартамын _____ өтініш берушінің (нemесе отбасы мүшелерінің бірінің) Т.А.Ә. және қолы, күні

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады).

Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларына 2-косымша

Участекілік комиссияның № ____ қорытындысы

20 ____ жылғы “ ____ ”

Участекілік комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына сәйкес өмірлік қын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек алуға өтініш берген азаматтың (отбасының)

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің негізінде

(қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы)

азаматқа (отбасыға) өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты
әлеуметтік көмек ұсыну туралы қорытынды шығарады

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: _____

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Қорытынды қоса берілген құжаттармен ____ данада 20 ____ ж. “____”
қабылданды

Құжаттарды қабылдаған кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің немесе уәкілетті
орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы _____

Әлеуметтік көмек көрсету, оның
мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж
азаматтардың жекелеген санаттарының
тізбесін айқындау Қағидаларына З-
косымша

Отбасының тіркеу нөмірі _____

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

(Өтініш берушінің Т.А.Ә.)		(Үйінің мекен жайы, телефон)	
P/c №	Отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Өтініш берушіге туыстық катынасы	Туған жылы

Өтініш берушінің қолы _____ Күні _____

Отбасының құрамы туралы мәліметтерді қуәландыруға уәкілетті органның
лауазымды адамының Т.А.Ә. _____ (қолы)